

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда келісімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 22 мамырдағы N 492 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2007 жылғы 12 наурызда Каир қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда келісімі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ЕГИПЕТ АРАБ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ САУДА КЕЛІСІМІ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі,

екі ел халықтарының арасындағы дәстүрлі достық қатынастарын нығайтуға және теңдік пен өзара тиімділік қағидаттарының негізінде екі жақты сауда қатынастарын ұстауға ниет білдіре отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-БАП

Тараптар екі жақты сауданы дамыту үшін барлық қажетті шараларды алдын ала қабылдайды және бұл үшін өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес барлық жағдай жасайды, сондай-ақ халықаралық ережелер мен нормаларды басшылыққа алады.

Әрбір Тарап екінші Тараптың мемлекетіне экономикалық залал келтіруі мүмкін әрекеттерден тартынады, сондай-ақ осы Келісім шеңберінде бұл мақсатты іске асыру үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

2-БАП

1. Тараптар сауда ынтымақтастығын дамыту үшін өзара тиімді жағдай жасау мақсатында бір біріне өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес мыналарға:

а) осындай баждар мен алымдарды алу тәсілдерін қоса алғанда, импортқа және экспортқа салынатын кез келген түрдегі кеден баждары мен алымдарына;

б) кедендік тазалауды, транзитті, қоймаға қоюды және қайта тиеуді қоса алғанда, импортқа және экспортқа қатысты ережелер мен ресмиліктерге;

с) импортталатын тауарларға қатысты тікелей немесе жанама кез келген түрдегі салықтарға және басқа ішкі алымдарға;

d) төлемдер мен осындай төлемдерді аудару әдістеріне;
е) өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес экспортқа және/немесе импортқа лицензиялар беруге қатысты неғұрлым қолайлылық режимін ұсынады.

2. Неғұрлым қолайлылық режимі мыналарды:

а) шекара маңы саудасын және тасымалдауды жеңілдету үшін Тараптардың бірінің мемлекеті көршілес мемлекеттерге беретін артықшылықты;

б) Тараптардың әрқайсысы мемлекетінің кеден одағындағы, еркін сауда аймағындағы немесе сауда-экономикалық қатынастың өзге нысандарындағы мүшелілігінің негізінде үшінші мемлекетке берген немесе беретін;

с) дамушы мемлекеттерге преференциялардың жалпы жүйесіне сәйкес берілетін артықшылықты қамтымайды.

3-БАП

Тауарлардың экспорты және/немесе импорты өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және бағаға, сапаға, жеткізілімдер мен төлем шарттарына қатысты белгіленген коммерциялық практикаға сәйкес Тараптар мемлекеттерінің жеке және заңды тұлғаларының арасында жасалған келісім-шарттардың талаптары бойынша жасалады.

4-БАП

Тараптар арасындағы сауда ынтымақтастығының нәтижесіндегі барлық есеп айырысулар, төлемдер мен аударымдар еркін айырбасталымды валютамен, егер Тараптар өзгеше келіспесе, Тараптар мемлекеттерінің валюталық заңнамаларында көзделген және халықаралық банк практикасына сәйкес кез келген нысанда жүзеге асырылады.

5-БАП

Тараптар сыртқы сауда қызметін реттейтін салада Тараптар мемлекеттерінде қолданылатын заңдар және басқа да нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратпен, сондай-ақ өнімдер мен тауарларды жеткізу жөніндегі ақпаратпен жүйелі түрде алмасады.

6-БАП

Тараптар екі жақты сауда қатынастарының тарифтік және тарифтік емес ережелерін іске асыру, статистикалық ақпаратпен алмасу, кедендік ресмиліктерді іске асыру мақсатында Уағдаласушы Тараптар 1983 жылғы 14 маусымда Брюсселде жасалған Тауарларды сипаттау және кодтаудың үйлестірілген жүйесі туралы халықаралық конвенцияны қолдануға келісті.

7-БАП

Тараптар жүктер мен жолаушылар транзитін қоса алғанда жүк тасымалдау тәртібі мен мерзімдері, бағыттары, сондай-ақ барлық көлік жүйелері тасымалдаудың халықаралық ережелеріне сәйкес реттелетін болады және/немесе Тараптар арасындағы жеке келісімдермен айқындалатын болады деп келісті.

8-БАП

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларының шеңберінде өз мемлекеттерінің аумағында сауда жәрмеңкелерін, көрмелер ұйымдастыруға және жүргізуге жәрдем көрсетеді, сондай-ақ сауда делегациялары мен топтарының сапарларын жүргізуге жәрдемдеседі.

Әрбір Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес көрме үлгілерін және осындай жәрмеңкелер, көрмелер және басқа да осындай көрме мақсаттарына арналған екінші Тарап уақытша әкелетін тауарлардың үлгілерін кеден баждары мен салықтарынан босатады.

9-БАП

Тараптар сауда және инвестициялық ынтымақтастықты ілгерілету, сондай-ақ екі елдің іскер және қаржылық топтарының арасында тікелей байланыстар мен диалог орнату, оларды жан-жақты іскери ынтымақтастыққа тарту мақсатында екі тараптың мүдделі іскерлер қоғамдастықтары арасында түрлі нысандағы ынтымақтастықтың орнатылуына, оның ішінде Қазақстан-египет іскери кеңесін құруға жәрдемдеседі.

10-БАП

Осы Келісімді тиімді түрде жүзеге асыру, сондай-ақ сауда саласындағы қарым-қатынастарды дамыту жолдары мен құралдарын іздеп табу мақсатында Тараптар жеке ведомствоаралық меморандумға қол қою арқылы Біріккен ведомствоаралық сауда комитетін құруға келісті.

11-БАП

Тараптар егер, әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмейтін болса, өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде олардың осы Келісімді орындауы барысында туындайтын шығыстарды дербес көтереді.

12-БАП

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру олар қатысушылар болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

13-БАП

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар консультациялар, келіссөздер жүргізу немесе келісілген өзге де халықаралық-құқықтық құралдар жолымен шешілетін болады.

14-БАП

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгеріс және/немесе толықтыру енгізілуі мүмкін. Көрсетілген хаттамалар осы Келісімнің 15-бабында айқындалған тәртіппен күшіне енеді.

15-БАП

Осы Келісім Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен кейін отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады. Осы Келісімнің әрекеті кейіннен егер, Тараптардың бірде біреуі жазбаша нысанда дипломатиялық арналар бойынша кезекті мерзімнің аяқталуына дейін кезеңінде алты айдың ішінде оның күшін өзінің тоқтату ниеті туралы хабарламаса, одан кейінгі кезеңдерге автоматты түрде бір жылға ұзартылады.

Осы Келісімнің ережелері олар бойынша міндеттемелерді орындағанға дейін осы Келісімнің әрекеті ішінде жасалған келісім-шарттарға қолданылмайды.

2007 жылғы 12 наурызда Каир қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, орыс, араб және ағылшын тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндер дәлме-дәл. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде алшақтықтар болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Египет Араб Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Оразбақов Ғалым

Рачид М. Рачид

Индустрия және сауда министрі

Сауда және индустрия министрі

РҚАО-ның ескертуі: Бұдан әрі ағылшын және араб тілдеріндегі мәтіні берілген.